



ПАРТИЯЛАР «ОЯНАТЫН» КЕЗЕҢ

4-БЕТ | САЙЛАУ – 2023



ҚАЗАҚ ГАЗЕТІ – 110 ЖЫЛ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҚЫМЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ҚАСИЕТІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазір Астанада саябақтар жетіспейді, тұрғындар серуенге шығатын, демалатын орындар аз. Бірақ қала әкімдігі мұны ескермей, құрылысқа рұқсат береді. Саябақтарды, жаяу адамға арналған көшелерді көбейту қажет. Қазір Есілдің жағасына дұрыс көңіл бөлінбей отыр. Мысалы, көрші елдегі Қазан қаласының тәжірибесін зерттеп көруге болады. Бұл қаланың көшелері, саябақтары және жағалау алаңдары өте әдемі және тартымды. Біздің мақсатымыз – елордамызды жылдың кез келген мезгілінде халқымызға және шетел адамдарына барынша қолайлы ету, Астананың келбетін мейлінше жақсарту.

№14
(4447)
Сенбі
4 ақпан
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

«Елорда жастары» бағдарламасын жүзеге асыруға «Отбасы банк» осыған дейін 2,1 млрд теңге бөлген.

Ал қала әкімдігі жергілікті бюджеттен 2,5 млрд теңге бөлді. Биыл тараптардың әрқайсысы тағы 1 млрд теңгеден қаражат көлемін ұлғайтты. Осылайша, жастарға қажетті әлеуметтік бағдарламаның қаржыландыру көлемі 6,6 млрд теңгеге өсті.



НЕКЕНІ ОНЛАЙН ТІРКЕЙДІ

Әділет министрлігі Halyk Bank-пен бірлесіп Halyk Homebank мобильдік қосымшасы арқылы неке қиюды тіркеуге өтініш беретін қызмет түрін іске қосты.

Halyk Homebank мобильдік қосымшасы арқылы қызметті алу үшін «Мемқызметтер» бөлімінде өтінішті толтырып, мемлекеттік баж (1 АЕК – 3 450 теңге) төлеуі және екінші қызмет алушы 48 сағат ішінде өтінімді растауы қажет. Ал 15 күнтізбелік күн өткеннен кейін АХАТ органдары жас жұбайлардың қатысуымен неке қиюды тіркейді. Бұрын бұған 1 ай уақыт жұмсалатын еді.



«ASTANA
AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР



ӨНЕРКӘСІП ӨРКЕНДЕП, ИНВЕСТИЦИЯ ҰЛҒАЙДЫ

Астана шетелдік инвестицияларды тарту бағытында 7-орынды иеленеді. Бұл бағытта бірыңғай пул құрылып, оған инвестициялардың жалпы сомасы шамамен 2,3 трлн теңгені құрайтын 262 жоба кірген. Бұл жобаларды жүзеге асыру 26 мыңға жуық жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Бас қалада пайдалануға берілген 50 жобаның 11-і экспортқа бағытталған. Бүгінге дейін 93,8 млрд теңгенің өнімі экспортқа жіберілген.

АСТАНАЛЫҚТАР 59 МЫҢҒА КӨБЕЙДІ

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Астана халқының саны 1 354 435 адамды құрады. Бір жылда халық саны 59 мыңға артты.

Ал елімізде жалпы 19765004 мың адам тұрады. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, оның ішінде қалалықтар – 12208,2 мың, ауылдықтар – 7556,7 мың адам. Табиғи өсім есебінен халық саны 268791 адамға өсті. 6946 көрсеткіш есебімен көші-қонның теріс айыр-

масы байқалды. 2022 жыл басымен салыстырғанда халық саны 261845 адамға өскен. Республика бойынша ең көп өсім – Алматы қаласында, ал Астана – екінші орында. Елордадағы халық өсімі 58 мың 724 адамды құрады.



ОРТАҚ ВАЛЮТА ЕНГІЗІЛМЕЙДІ

2025 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-елдер ортақ қаржы нарығын құрады. Яғни, одақ елдерінің банк, биржа, сақтандыру салалары бойынша ортақ ережелері әзірленеді. Алайда ЕАЭО аумағында ортақ валюта енгізілмейді. Қаржы секторындағы заңнама үйлестіріліп, жетілдіріледі.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 500.85 \$ USD/KZT 462.55 ₸ RUB/KZT 6.74 ¥ CNY/KZT 68.2

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЕСКЕРТКІШКЕ ГҮЛ ШОҒЫН ҚОЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жамбыл облысына жұмыс сапары жазушы Шерхан Мұртаза ескерткішіне гүл шоғын қоюдан басталды.

Мемлекет басшысы ескерткіштің жанында жергілікті зиялы қауым өкілдерімен жүздесіп, белгілі қалагердің ұлт руханиятын дамытуға зор үлес қосқанын айтты.

— Шерағаң — халқымыздың біртуар азаматы, заңгер жазушы десек артық айтқандық емес. Жас кезімден бастап біз бәріміз оның «Қызыл жебе» романын, басқа да шығармаларын оқыдық. Әсіресе, «Бір кем дүние» туындысы әлі күнге дейін өзекті. Халқымызға, әсіресе, жастарға рухани азық болған дүние деп айтуға болады. Сондықтан жазушының ескерткішіне арнайы келіп, тағзым етіп отырмыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында жергілікті зиялы қауым өкілдері елді толғандыратын мәселелерді айтып, өз ойларын ортаға салды. Олар Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси реформаларды қолдайтынын жеткізіп, шығармашылық адамдарына мемлекеттің көрсетіп жатқан қамқорлығы үшін алғыс айтты.

Президент жазушының баласы ретінде шығармашылық адамдарын әрқашан қолдайтынын атап өтті. Сондай-ақ еліміз дамып, өркендеуі үшін алдағы саяси нақандар кезінде де, ең алдымен, ауызбіршілік қажет екеніне назар аударды.

— Ең басты мәселе — әділ, ашық болу керек. Осындай лайықты адамдар біздің Парламентке келсе, еліміздің дамуына үлес қосады деп үміттенемін. Дүниежүзінде болып жатқан жағдайды өздеріңіз жақсы білесіздер. Ішкі саясатта, сыртқы саясатта та сындарлы, салмақты болуы керек. Ең басты міндетіміз — мемлекеттілігімізді сақтап қалу. Сын-қатерлер аз емес. Сондықтан бәріміз бір ел, бір халық, бір ұлт болып ұйысып, ел үшін қызмет етейік, — деді Мемлекет басшысы.

Сапар аясында Президент облыстағы бірқатар нысандарды аралады.

LRT ЖОБАСЫ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

LRT жобасы келесі жылдың соңында аяқталады. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек мәлімдеді.

Қаңтар айының соңында Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Қасым-Жомарт Тоқаев LRT жобасы жөнінде тоқталған еді. «LRT-ға қатысты жұмысты мейлінше тездетіп аяқтау керек. Мен бұрын да айттым, LRT жобасы негізінен, қате болды. Бірақ қазіргі таңда басқа амалымыз жоқ, бұл жобаны жүзеге асыруымыз керек. LRT-ның құрылысын тоқтатсақ, шығын одан да көп болады. Ал балама жобалар жоқ. Жалпы, әкімдікке Үкіметпен бірлесіп, Астананың көлік жүйесін дамытуға арналған кешенді бағдарлама әзірлеуді тапсырамын» деді Президент.

Әкімнің айтуынша, жерүсті метрополитеннің құрылысын аяқтау жұмысы өткен жылы басталған. «Өткен жылы Үкімет алғашқы қаржыны берді. Биыл бұл нысан құрылысы белсенді жүреді. Қазір жұмысты пысықтап, техника бойынша, осы LRT-да жұмыс істейтін пойыздар бойынша аванстық төлемдер жүріп жатыр. Жоба 2023-2024



жыл ішінде жүзеге асырылып, келесі жылдың соңына дейін іске қосылуы тиіс деп жоспарланған» деді шаһар басшысы.

Елордадағы LRT құрылысы 2019 жылы сәуірде тоқтатылған еді. 2020 жылдың қаңтарында LRT-ға қатысты істі тергеу шаралары аяқталды. Сол жылы қазанда іс сот қарауына жолданды. Сондай-ақ былтыр 13 тамызда астана прокуратурасы елорда әкімінің бұрынғы орынбасары Қанат Сұлтанбеков пен «Астана LRT»

ЖШС басқарма төрағасы Талғат Арданға қатысты қылмыстық істің сотқа жолданғанын хабарлады. Бірақ, аталған екі күдікті қазіргі уақытта қылмыстық қудалаудан бой тасалап жүр.

Өткен жылы қазан айында Премьер-министр Әлихан Смайылов LRT құрылысына кезең-кезеңімен қосымша қаражат бөлетінін айтқан еді. Сондай-ақ үкімет басшысы құрылысты жалғастыруға қосымша 20 миллиард теңге бөлінгенін де атап өтті.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ӘЗІРЛЕНЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжановты қабылдады. Президентке қауымдастықтың былтыр атқарған жұмыстарының қорытындысы мен алдағы кезеңге арналған жоспары туралы баяндалды.

Исламбек Салжановтың айтуынша, Көкпар, Жамбы ату, Аударыспақ, Теңге ілу, Бәйге, Құсбегілік, Дәстүрлі садақ ату, Тоғызқұмалақ және Асық ату секілді ұлттық спорт түрлерінің федерациялары қауымдастық аясына біріктірілген. Сонымен қатар ұлттық спорттың дамуына сараптама жасалып, жеке-жеке республикалық федерациялармен институционалдық тұрғыда жұмыс жүргізіле бастаған.

2024 жылы V Дүниежүзілік

көшпенділер ойындарын өткізуге берген Қазақстанның өтінімін былтыр қыркүйек айында Бүкіләлемдік этносспорт конфедерациясы бірауыздан қолдады. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы елімізде өтетін ауқымды шараны сапалы әрі жоғары деңгейде ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берді. Мемлекет басшысының айтуынша, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ұлттық спорт шараларымен

шектелмеуі керек. Аталған халықаралық спорт сайысы қолөнер, туризм, қызмет көрсету саласы сияқты шағын және орта бизнес өкілдері үшін де тиімді ұйымдастырылып, кәсіптерін ілгерілетуге жағдай жасалуы қажет. Сонымен қатар Қазақстан Президенті ұлттық спорт түрлерінің даму тұжырымдамасын әзірлеу қажет екенін және ат спорты ойындарындағы қауіпсіздік мәселесін қарастыруды тапсырды.



АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетовті қабылдады.

Бақтықожа Ізмұхамбетов «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің 2022 жылы атқарған жұмыстары мен биылға арналған жоспарын баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан реформалардың жүзеге асуына «Ардагерлер ұйымы» да атсалысып жатқаны туралы айтылды.

Сонымен қатар республикалық қоғамдық бірлестіктің төрағасы елдің әлеуметтік-экономикалық бағытына қатысты бірқатар ұсыныс берді.

1,5 ТРЛН ДОЛЛАРҒА ЖЕТТІ

2022 жылы ЕАЭО өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1,5 трлн долларға жетті. Бұл туралы ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысында айтты.

Премьер-министрдің айтуынша, Қазақстанда 1,1 пайыз өсіммен 100 млрд долларды құрады. ЕАЭО ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісі де артып келеді. 2022 жылы өндіріс 5%-ға артты. Бұл ретте ең үлкен өсім біздің елде байқалады — 9 пайыз. «Алайда бұл көрсеткіштер Еуразиялық экономикалық одақтың нақты әлеуетіне сәйкес келмейді. Еуразиялық интеграцияның мүмкіндіктері толық пайдаланылмай жатыр деп есептеймін. Біз шараны іс жүзінде жүзеге асыруға, ЕАЭО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясына және ЕАЭО туралы келісімге барынша шоғырлануымыз керек. Бұл, ең алдымен, өзара саудадағы кедергілерді жою» деді Үкімет басшысы.

Әлихан Смайылов кедергілерді жоюдағы оң динамикаға қарамастан, ішкі шекараларда кедендік бақылау элементтері әлі де бар екенін атап өтті. «Іс жүзінде мемлекеттік сатып алуға ұлттық режим жоқ, санитарлық, ветеринарлық шектеулер және тағы басқалары кеңінен қолданылып жатыр. Мұның барлығы біздің елдеріміздің бизнесіне ЕАЭО артықшылықтарын толық пайдалануға мүмкіндік бермейді» деді Әлихан Смайылов.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

2022 жылдың қорытындысы бойынша әлемде азық-түлік тауарларының бағасы өсті.

БҰҰ-ның сарапшылары жаппай бағаның өсуі бірінші рет тіркеліп отыр дейді. Әсіресе дақылдардың бағасы шарықтап кеткен. Желтоқсан айында, астықтың бағасы тұрақталды. Сатушылар арасында бәсеке күшейіп, ахуал сәл жақсарған. Сондай-ақ әлем бойынша өсімдік майы, сүт өнімдері, ет және қант қымбаттаған.



Канада парламентінің қауымдар палатасы Қытайдың Шыңжаң өңірінен қашып шыққан 10 мың ұйғыр босқынын екі жыл ішінде қабылдау жөнінде қарар қабылдады.

Қарардың заңдық күші жоқ, тек ұсыныс сипаты бар. Адам құқықтарын қорғау ұйымдары Пекинді миллиондаған мұсылман түркі ұлты өкілін түрмелер мен «қайта тәрбиелеу лагерлеріне» қамады деп айыптауда. Қытай билігі тағылған айыптарды жоққа шығарып келеді.



BOEING 747 ұшақтарын шығару тоқтатылды. Оның өндірісі 1970 жылы басталған еді.

Содан бері 1,5 мыңнан аса әуе кемесі жасап сатылған. 600-ден аса жолаушыға арналған Боинг-747 әлемдегі ең ірі ұшақтардың бірі болды. Алайда жанармайды көп қажет ететін ұшақты соңғы жылдары көп елдер сатып алудан бас тарта бастады. Себебі қазір әлемде жанармайды үнемдейтін әуе кемелерін шығаруға ден қойылған.

МЕКТЕП – ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР АУМАҒЫ

Қазір тілі кеш шыққан және ойын ашық жеткізе алмайтын балалар көбейіп келеді. Міне, осындай оқушыларға арналған логопед, дефектолог кабинеті елордадағы Бауыржан Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейінде ашылды.

«Мектеп – тең мүмкіндіктер аумағы» атты арнайы білім беру педагогтарына арналған семинар аясында өткен іс-шараға қалалық білім басқармасының маманы Гүлшат Исинова, Әдістемелік орталығы басшысының орынбасары Алма Мұхамеджанова арнайы қатысты.

– 2019 жылдан бастап арнайы жұмыс істеп келеміз. Балалардың сөйлеу қабілетін жақсарту үшін тиісті құрал-жабдықпен қамтып, екі кабинет ашып отырмыз. Жалпы 75-ке жуық оқушы бар, олардың барлығы келіп оқымайды. Инклюзивті балалар жұмыс үлкен жауапкершілікті талап етеді, – деді мектеп директоры Зәмзәгул Қиянова.

Оқу жылының басынан білім ордасында «Кәсіби шеберлік мектебі» эксперименттік алаңы жұмыс істей бастады. Мақсат – ерекше білім беру қабілеті бар оқушыларды, дарынды



оқушыларды әлеуметтендіру және кәсіптік бағдарлау.

Гүлден Байбосынова 3 жылдан бері ерекше балалармен жұмыс істеп, оларды ортаға бейімдеуге жауапты келеді екен.

– Оқу процесінде балаларды қолдап, өз-өзіне деген сенімділігін арттырып, жұмыс істейміз. Әр баланың өзіне тән ерекшеліктері болады. Олардың көңіл-күйі де әртүрлі өзгеріп отырады. Бізде бала психологиясымен жұмыс істейтін

арнайы мамандар бар, – дейді ол.

Айта кету керек, ерекше балалардың жетістіктері де бар. Ақбота Рысбекова Астана қаласындағы би байқауының ашық біріншілігінде бірінші орын алды. Ал Рамазан Булкаиров пен Ұлан Усеналиев «JULDYZAI» республикалық балалар шығармашылық фестивалінде өнер көрсетіп, дараланды.

Алмагүл БЕРДІМҰРАТ,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ
4-курс студенті

ЖЫЛЫЖАЙҒА ЖАН БІТІРДІ

Астаналық ғалымдар біркелкі сәуле шашатын шамдар шығара бастады. Мұндай шамдар бау-бақша үшін тиімді болып отыр. Ғалымның өнертабысына шетелдіктер қызығушылық таныта бастаған. Ол жарықтандыру құралдары арқылы жылыжайдағы көкөністердің өнімділігін арттыра түскен.



Жылыжайдағы бұл электр үнемдегіш шамдардың жарығы күн сәулесімен пара-пар. Оны жасап шыққан ғалым көк шалғынға біркелкі сәуле беретінін

айтады. Жарықтандырығыш табиғи сәуле аз кезде ғана қосылады.

Жоба авторы филаментті шамдарға шетелдік ғалымдар қызығып отыр-

ғанын айтады. Себебі өндіріске енгізілген инновациялық жоба, толайым табыс әкеліп отыр. Әрі дәл осы өсімдікке қажетті жарық автоматты түрде реттеледі. «Өткенде жылыжайға Сауд Арабиясынан өкілдер келіп шамдардың ерекшелігін көрді. Бізді елдеріне тәжірибеммен бөлісуге шақырып отыр. Филаментті шамдар жанып тұрса, кез келген жылыжайдағы өнімділік ұлғаяды. Мұнда қазір қиярдың 2-3 түрі, қызанақтың 4 түрі өсіріледі. Көкшәлғын мен құлпынай өсіре бастадық» деді жоба авторы Аманкелді Тауқенов.

Ғалымдардың бұл еңбегі елеусіз қалмады. Мемлекет тарапынан қолдау тауып, ғылымды коммерцияландыру сатысынан сәтті өтті. Жалпы бұл ғана емес, жыл сайын осындай жобаларды жүзеге асыру мақсатында арнайы байқау өтеді. Тыңнан түрлен салған ғалымдарға «Ғылым қоры» тарапынан гранттық көмек ұсынылады.

САЙЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ САРАЛАНДЫ

Кеше Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында қала әкімдігі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Тимур Мусин қаладағы сайлау учаскелерінің шекараларымен, Парламент Мәжілісі және елорда мәслихатының депутаттығына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарымен таныстырды. Кеңес мүшелерінің сауалдарына жауап берді.

Қоғамдық кеңес мүшесі Жасан Зекейұлы Қазақстан азаматтығы жоқ адамдардың дауыс беру мәселесін көтерді.

– Шетелдерде де сайлау учаскелері орналасқан. «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» заңына сәйкес дауыс беру құқығы республиканың азаматтығы бар адамдарға ғана беріледі. Ал шетелдерде тұратын, диаспора болып табылатын қандастарымызда Қазақстан азаматтығы болмаса, дауыс беруге құқығы жоқ, – деді баяндамашы сауалға жауап беріп.

Сондай-ақ жиында қалалық Қоғамдық кеңестің осы жылға арналған жұмыс жоспары талқыланды.



АҚШ Украинаға құны 2 млрд доллар болатын жаңа әскери көмек пакетін беруге дайындалып жатыр.

Көмек пакетіне 150 шақырымға дейін ұшатын ракеталар алғаш рет енгізіліп отыр. Жүйе ракетазоғалтқышы бар шағын диаметрлі бомбадан құралған. Өздігінен дәлдей алатын ракетаны HIMARS қондырғысынан да ұшыруға болады. Ол жүріп бара жатқан нысананы оңдаған шақырым жерден атып түсіре алады.



Ресейдің Волгоград қаласындағы көшелердің бірі «Казакская» деп аталады.

Бұл – әйгілі Сталинград шайқасындағы қазақ жауынгерлерінің ерлігіне көрсетілген құрмет. 2 ақпан күні осы тарихи шайқастағы жеңісіне – 80 жыл. Сол соғыстағы ең қанды шайқастың біріне Қазақстанда құрылған 9 дивизия қатысқан. Көзсіз ерлігі үшін 4 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды. Мамай қорғанындағы бірінші құлпытас – Нұркен Әбдірәткі.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ЧЕМПИОНМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Елордадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайында бокстан Азия чемпионы Санжар Тәшкенбай Аманат партиясы қалалық филиалының қолдауымен «Жас жауынгер» дене шынықтыру-сауықтыру клубындағы ерекше қажеттілігі бар спортшылармен кездесті.

Чемпион жас спортшылармен бірге жаттығып, өзінің бар білетінімен бөлісті. Кездесуге қатысқан әр балаға партия атынан сыйлықтар берілді.

«Ерекше балаларға арналған «Жас жауынгер» орталығымен тығыз жұмыс істейміз. Бұл балалардың қоғамға бейімделуіне айтарлықтай әсер етеді. Барлық жеңіс бала арманнан басталады. Сондықтан партия атынан жас спортшыларды барынша қолдаймыз» деді Аманат партиясының өкілі Бағдаулет Жанділдаев.

Ерекше балаларға арналған «Жас жауынгер» орталығы елордада 2018 жылы ашылды. Мұнда ерекше қажеттіліктері бар балалар аптасына үш рет бейімделу спортымен шұғылданады. Бәрі тегін. Балаларға арналған ерекше спорт залдың негізін қалаушы – емдік дене тәрбиесі бойынша нұсқаушы Садық Байымбетов.

– Балаларымыз үшін бұл – үлкен мотивация, олар чемпионға еліктеп, мақсатқа жетуге тырысады. Бұл балалардың мүмкіндігі шектеулі дей алмаймыз. Себебі әрқайсысының арманы бар. Ал атақты спортшылар

оларға жігер сыйлайды. Былтыр жазда орталығымызға Хабиб Нурмагомедов келді, – деді С.Байымбетов.

2020 жылы Садық пен оны қолдайтындарға Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Жауынгерлік өнер қауымдастығы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайынан зал ұсынды. Қазір мұнда 4 жастан 23 жас аралығындағы 70 бала бейімделу спорт түрлерімен айналысады. Жас спортшылар бокс, күрес, армрестлинг және ММА (аралас жекпе-жек) секцияларына қатысады. Сондай-ақ әдістемеге сәйкес залда бір кілемде ерекше балалар, екіншісінде қарапайым балалар айналысады. Бұл балалар арасындағы шекараны бұзып, қоғамдағы психологиялық және әлеуметтік бейімделуге ықпал етеді.

Айта кетейік, 2022 жыл Қазақстан халқына қорының қолдауымен еліміздің 11 қаласынан «Жас жауынгер» бейімделу спорт орталығы ашылды. Жоба авторының айтуынша, алдағы уақытта Франция, Түркиядан да «Жас жауынгер» бейімделу спорт орталығы филиалдары пайда болады.



ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Былтырғы жылы астаналықтар 17 млрд теңгеден астам соманың көлемінде тегін дәрі-дәрмекпен қамтылды. Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ елорда филиалының баспасөз қызметі мәлімдеді.

2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Астанада 207663 пациент 939274 тегін рецепт бойынша 17,02 млрд теңге сомасына тегін дәрі-дәрмекпен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілді.

– Олардың ішінде МӘМС жүйесінде дәрі-дәрмекпен қамтылған балалар бар. Яғни, жіті респираторлық инфекциямен, жоғарғы тыныс жолдарының аурулары бойынша – 3458 бала және төменгі тыныс жолдарының аурулары бойынша – 8547 бала; темір жетіспеу-

шілігі анемиясымен – 1343 бала; рахит ауруымен – 1004 бала; пневмониямен – 2 197 бала; синуситпен/бадамша безі (миндалины) және аденоид ауруларымен 645 бала тіркелген. Біздің сарапшылар медициналық қызметтің қолжетімді болуы және оның сапасының жақсаруы үшін, яғни пациент құқығы сақталуы үшін тұрақты жұмыс жүргізеді, – деп атап өтті «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ елорда филиалының директоры Нұрлыбек Қабдықапаров.

ҚАРҒЫН СУДЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАТТЫ

Еліміздің солтүстік өңірлері қыс құшағында жатқанымен, Оңтүстік өңірлерде көктемнің лебі білініп, жаңбыр жауып, қар кете бастады. Қардың күрт ерігені соншалық, Түркістан облысының көптеген елді мекендерін су басты. Қазір өңірде апаттан құтқару, табиғат апатынан келетін зиянның алдын алу шаралары қауырт жүргізіліп жатыр. Апаттан арашалау жұмыстарына әскерилер де тартылды.

Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, өңірдегі бес ауданда 20 елді мекенді су басып, 27 көше мен 234 үйдің ауласына су кірген. Жергілікті атқарушы органдар мен ТЖД қызметкерлері 200-ден астам тұрғынды қауіпсіз жерге көшірген. 790 ұсақ мал апаттан арашаланған. Су тасқынына байланысты Сауранда мектеп оқушылары онлайн оқуға көшті және 7 балабақша

жұмысын тоқтатты.

Төтенше жағдай мамандарының айтуынша, өңірде 7 сағаттың ішінде жауған жаңбырдың көлемі 10 күндік мөлшерден асып түскен.

Кеше Төтенше жағдай министрі Юрий Ильин Түркістан облысында су тасқыны мәселесі бойынша жедел кеңес өткізді. Жиында жағдайдың күрделенуіне жол бермеу және оның салдарымен жедел күресу тапсырылды.

ПАРТИЯЛАР «ҰЙҚЫСЫНАН ОЯНАТЫН» КЕЗЕҢ



Қазақстанда сайлау алдындағы науқанның қазаны «бұрқ-бұрқ» қайнай бастады. Бүгінге дейін Орталық сайлау комиссиясы саяси аламанға қатысатын 7 партияға рұқсат бергені мәлім. Кеше ғана Әділет министрлігі «Қазақстанның халық конгресі» атты тағы бір партияның құжатын қабылдады. Бастамашы топ құрылтай өткізіп, мүшелерінің санын 5 мыңға жеткізсе, бұл партия да додаға ілігеді. Интернационалдық демократиялық партияның басында белгілі ақын Олжас Сүлейменов тұр. Саясаттанушылар мен сарапшылар бұл сайлау соңғы 19 жылдағы ең қызықты, тартысты дода болады дегенді айтады.

**Төлен
ТІЛЕУБАЙ**

ҮМІТКЕРЛЕР ЕСІМІН ЖАРИЯЛАДЫ

Осы аптада бірқатар партия құрылтай өткізіп, өз үміткерлерінің есімін атады. Бірінші болып Қазақстан халық партиясы жиын өткізіп, өз үміткерлерін анықтады. 52 адамның арасында 6 ұлт өкілі бар, 32 пайыздан астамы – әйелдер мен жастар. Үміткерлердің орташа жасы – 50. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың серігі болған экс-министр, экс-дипломат, Қаңтар оқиғасынан кейін ҚХП-ны басқаруға келген Ермұхамет Ертісбаев «Қазір біздің партияға шабуыл күшейді. Сатқындар да, опасыздар да бар. Олар басқа партияға өтіп, депутат болғысы келеді» деп ҚХП-ның құрамынан шығып жатқандарға шүйлікті. Құрылтайдың алдында Мәжілісте депутат болған 4 адам ҚХП-ның құрамынан шықты, арасында екі рет президенттікке түскен Жамбыл Ахметбеков те бар.

1 ақпанда «Ақ жол» партиясы құрылтай өткізді. Мәжіліс сайлауына 54 адам, бір мандаттық округ бойынша 24 адам сайлауға қатысатыны белгілі болды. Партия тізімінде бұрынғылардан Азат Перуашев, Дәния Еспаева, Берік Дүйсембаев, Қазыбек Иса бар. Украинадағы соғыста Путинді жақтаған ақжолдық экс-депутат Азамат

Әбілдаевтың «қылығы» партияның абырой-беделіне үлкен нұқсан келтірді. Парламентте оппозиция кейпін танытатын партияның «Аманаттан» кейінгі орындарды алуға үміті бар ма, оны уақыт көрсетеді.

Асхат Рахымжанов жетекшілік ететін Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) да құрылтайын өткізіп, партиялық тізім бойынша Мәжіліске депутаттыққа үміткер 19 адамның есімін жария етті. Мажоритарлық жүйе бойынша партиядан 6 адам сайланады. Партиялық тізіммен додаға түсетіндердің ішінде президенттікке үміткер болған Нұрлан Әуесбаев та жүр. Сондай-ақ бүгін жаңадан тіркелген «Байтақ» жасылдар партиясы да өз құрылтайын өткізіп, сайлауда бақ сынайтын үміткерлерінің атын атады. 4 ақпанда – «Ауыл», 6 ақпанда – «Республика» және 7 ақпанда «Аманат» партиясы өз құрылтайын өткізеді. Айтпақшы, жуырда Орталық сайлау комиссиясы «Байтақ» пен «Республиканың» барлық облыстық мәслихаттар сайлауына қатысатынын хабарлады.

ШЫНАЙЫ САЯСИ КҮРЕС БОЛА МА?

Бұл сайлаудың бұрынғылардан бір өзгешелігі – саяси додаға өзін-өзі ұсынушылардың қайтып оралуы. 2004 жылдан бері алғаш рет Мәжіліске

үміткерлердің 30 пайызы бір мандаттық округтер бойынша сайланады. Оларға 98 орынның 29-ы беріледі. Бұрын билікті сынағандардың бәрі мұндай мүмкіндікті пайдалануға тырысуда. Алайда бірқатар саясаткер сайлау науқаны алдындағы тең емес жағдайлар туралы мәлімдеме жасады. Парламент сайлауы 6 ай бұрын жарияланғанмен, ресми түрде шешім шығарылған 2 айда «танымал» болып үлгермейтіні айдан анық.

Белгілі саясаттанушы, «Тәуекелдерді бағалау тобының» директоры Досым Сәтпаев бір мандаттық округтер бойынша сайланатындардың арасынан мықты саясаткерлер шығуы мүмкін екенін жоққа шығармайды.

«Қазақстан билігі сайлау додасын бақылауда ұстайды. Бұл үшін үміткерлерге қатысты «сүзгілерді» қолданады. Біріншісі – сайлау салығы, Мәжіліске – 1 млн теңгеден асады, мәслихатқа – 400 мың теңгеге жуық. Екіншісі – бір мандаттық жүйе бойынша додаға қатысатындардың бір сүрінетін жері – салық декларациясын тапсыру. Декларацияда кішігірім қате кетсе, үміткер сайлаудан шеттетіледі» дейді Д.Сәтпаев.

Саясаттанушы Димаш Әлжанов сайлауға екі айдан аз уақыт қалғанмен, шынайы саяси күрестің нышаны байқалмайды.

«2022 жылғы Қаңтар оқиғасынан кейін ел билігі белгілі бір реформалар жасауы қажет еді. Бұл жерде аралас сайлау жүйесіне көшу арқылы саяси жүйе мен заң шығару органына бақылауды сақтап қалу үшін бірқатар бағытта іс-шараларды жүзеге асырады. Аралас сайлау жүйесі билікке Парламенттегі дауыстардың көпшілігін иеленуге мүмкіндік береді. Тіркелген 7 партия да билікке шынайы оппозиция болмайды. Демек билік ауысады деуге ешқандай негіз жоқ» дейді ол.

САЯСИ ЖҮЙЕ ЖАҢАРАДЫ

Саясаттанушы, «Еуразия әлемі» қоғамдық қорының басшысы Эдуард Полеатаев Парламент сайлауы саяси жүйені қайта реттеуге, жаңартуға мүмкіндік береді деп санайды.

«Парламент сайлауы мемлекеттік басқару формасын жаңартуға алып келеді. Қазақстандағы реформалардың мәнісі күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет формуласына негізделген» дейді ол.

Жалпы алғанда, болашақтағы Парламент қандай болатыны әзірше беймәлім. Бір анығы, ол жерде билікшіл партиялардың басымдығы сақталады. Әлеуметтік-саяси қарым-қатынас жүйесі жақсы дамыған «Аманат» партиясына балама болатындай күш әлі жоқ. Қоғаммен де, қоғамдық пікірмен де жұмыс істеудің тиімді, күшті тәсілі осы партияда ғана бар. Бәсекеестік пен монополия тұрғысынан алғанда да күш-қуаты мығым партияға билік өкілдері басшылық етпесе де, бұрынғы ұстанымы мен беделі қала береді.

САЙЛАУДА БАЙҚАУШЫ БОЛАДЫ

Сайлауда байқаушы болуға ниет білдірген 6 үкіметтік емес ұйымның өтінімі қаралып жатыр. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясы жанындағы сарапшылық кеңестің кеңейтілген отырысында ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров мәлімдеді.

– Қазірдің өзінде 6 үкіметтік емес ұйым республика деңгейінде сайлауда байқаушы болуға ниет білдірді. Олар аккредиттеу үшін құжатын тапсырды. Оларды Орталық сайлау комиссиясы қарайды. Мемлекеттік органдардан тиісті жауап алу

үшін көп уақыт кетеді. Барлығы қаралады, барлық ұйым рұқсат алады деп сенемін. Ол, негізінен, құзырлы органдардың қандай қорытынды жауап беретініне байланысты, – деп мәлім етті Нұрлан Әбдіров.



«ВАУТАҚ» САЙЛАУҒА ДАЙЫН

«Ваутақ» жасылдар партиясының кезектен тыс съезіне елдің түкпір-түкпірінен 2000-ға жуық делегат келіп, саяси науқанда сайлаушыларға ұсынатын бағдарламасындағы басымдықтарды атады.

Съездің күн тәртібінде партия мүшелерінің алдағы депутат сайлауына қатысатын кандидаттарды анықтады.

Партиядан тізім бойынша 20 кандидат ұсынылды, оның ішінде әйелдер квотасы бойынша 4 кандидат, жастар квотасы бойынша 1 кандидат және мүдедер квотасы бойынша 1 кандидат бар.

Партия төрағасы Азаматхан Әміртаевтың сөзінше, «Ваутақ» елдегі жасыл бизнесі, жасыл экономиканы қолдайтын жалғыз құрылым және елдегі экология мәселелерін шешуде белсенділік танытып келеді.

Партия ұсынған кандидаттар арасында Арман Қашқынбеков, Айнұр Сәбитова, Қайрат Айтбай, Самат Жанат, Владимир Мартель, Сейдулла Исмаилов, Айжан Сқақова, Бекжан Нәлібай, Нұртуған Тұржанов, Болат Нұрғожаев, Айтуар Туғанбеков, Ержан Елекеев, Нұрлан Көптілеуов, Роман Ботабаев, Лариса Жақсылықова, Күлән Байзақова, Мұрат Жәніев,

Қазбек Майгелдинов, Марал Көшенов және Сапар Әбдірахметов бар. Ал мажоритарлық жүйе бойынша партия төрағасы Азаматхан Әміртаев, Бақыт Исаев, Гүлзағира Әбдірайымова және Серікболат Мәженов саяси науқанда сайлаушылардың дауысын жинауға күш салады.

Съезге Қызылорда облысынан делегация бастап келген Болат Нұрғожаев:

– Әлемде экология мәселесі өзекті болып, жасыл экономиканы қорғайтын қоғамдық ұйым мен саяси партиялар құрыла бастады. «Ваутақ»-тың мақсаты – елдегі экологиялық мәселелерді шешу. Осы бағытта тәжірибемді бөлісіп, біліктілігімді жұмсаймын. Арал, Балқаш, Семейдегі экология мәселесі – ортақ іс. Мұны шешуде халықаралық ұйымдарды да тартуды жоспарлап отырмыз. Адам денсаулығына уақыт белдеуі де ерекше әсер етеді. Қызылорда облысын елдің батыс өңірлеріне қосуға бастамашы болдым, – деді.

01.02.2023 жылғы 05-Ө бұйрығына №1 қосымша

«Elorda Aqparat» ЖШС, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына, сондай-ақ ҚР Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы «Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» және 2023 жылғы 19 қаңтардағы «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлықтарына сәйкес, «Вечерняя Астана» және «Astana aqshamy» газеттерінің және «Elorda Info» желілік басылымының меншік иесі 2023 жылғы 19 наурызда сайлауға қатысатын барлық деңгейдегі ҚР Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттығына тіркелген кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

Басылымдарға материал беру «Elorda Aqparat» ЖШС-пен жасалған 2023 жылғы 19 наурыздағы кезектен тыс сайлауға қатысатын ҚР Парламенті Мәжілісінің немесе барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттығына тіркелген кандидаттарға баспа үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңын беру туралы жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады. Кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) «Elorda Aqparat» ЖШС-пен басылымдарға орын ұсыну туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) «Elorda Aqparat» ЖШС-тен сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады.

Мекемеге жіберілетін жазбаша өтініште мынадай ақпарат болуға тиіс:

- Жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- Жазбаша өтініш берген кандидаттың ТАӘ, сенім білдірілген тұлғаның ТАӘ;
- Тұлғаның жазбаша өтініш беруге өкілетін растайтын құжат – кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;
- Басылымдарға берілетін материалдың жоспарланған көлемін және оны беру уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;
- Кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді «Elorda Aqparat» ЖШС 2023 жылғы 18 ақпаннан 17 наурызға дейінгі күнді қоса алғанда, күн сайын сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа, Астана қаласы, Достық көшесі, 13 мекенжайы бойынша 222-кабинетте қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы ақпарат болуға тиіс.

Баспа материалдарын орналастыру кезегін «Elorda Aqparat» ЖШС жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгілейді.

Үгіттік баспа материалдарын «Elorda Aqparat» ЖШС модульдер немесе мақалалар түрінде шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға қол қойған газеттер шыққан күнге дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

«Elorda Aqparat» ЖШС үгіттік баспа материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табыну идеяларын жариялауды, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерлендірілгендерді құруды қараған жағдайда және заңнамада көзделген өзге де негіздерде оларды орналастырудан бас тартуға құқылы.

«Elorda Aqparat» ЖШС кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда үгіттік баспа материалдарын

орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы хабарламада көрсетілген басылымдарға материал беру шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Басылымға материал ұсынғаны үшін төлем мөлшері:

«Вечерняя Астана» және «Astana aqshamy» газеттерінің беттерінде жарияланымның 1 шаршы см орналастыру құны, ҚҚС қоса алғанда – 1265 теңге.

Газеттердің «vchastana.kz», «astana-akshamy.kz» сайттарында жарияланымның қайталану құны, ҚҚС қоса алғанда – 30000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында жарияланымның қайталану құны, ҚҚС қоса алғанда – 40000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында орналастырылған мақаланы (2500 белгіге дейін бос орны бар) орналастыру құны, ҚҚС қоса алғанда – 80000 теңге.

Төлем «Elorda Aqparat» ЖШС қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүзеге асырылады.

Төлем тиісті шартқа көрсетілген «Elorda Aqparat» ЖШС-тің банк деректемелеріне жіберіледі.

**О.СЫДЫҚБЕК,
«Elorda Aqparat» ЖШС директоры**



ЭКСПОРТ КӨЛЕМІ 2,5 ЕСЕ ӨСТІ

Бүгінде Астана өнеркәсібі даму үстінде. Шетелдік инвестицияларды тарту бойынша елорда 7-орында тұр. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында «Astana Invest» ЖШС Арнайы экономикалық аймақтарды дамыту жөніндегі департаментінің директоры Дияр Асқаров мәлімдеді.

Өңдеуші кәсіпорындарды қолдаудың пәрменді құралдарының бірі арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) екені белгілі. Бүгінгі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет АЭА дамыту бойынша түбегейлі басқа саясатқа көшу бойынша жұмыстар жүргізуде.

Департамент директорының айтуынша, 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда бас қаладағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1909,7 млрд теңгені құрады, нақты көлем индексі – 101,7%. Өңдеу өнеркәсібінде 1738,6 млрд теңге сомасына өнім өндірілді, нақты көлем индексі – 101,2%.

Өңдеу өнеркәсібінің негізгі салалары металлургия, машина жасау, басқа металл емес минералды өнімдер өндірісі, сусындар өндірісі, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру және тамақ өнімдері болып табылады. Қалалық өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі үлесі №1 Индустриалдық паркте, технопаркте, Өндіріс кентінде шоғырланған.

– Қаланың өнеркәсібі, негізінен, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарымен ұсынылған өнеркәсіптік өн-

дірістің жалпы көлемі 91%; электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау – 7,6%; сумен жабдықтау, көріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау – 1,3%. 2020 жылдың қорытындысы бойынша қаланың ЖӨӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 6,7%-құрады. 2025 жылға дейін бұл көрсеткішті 10%-ға дейін ұлғайту көзделген. 2022 жылғы қаңтар-тамызда елорданың өңдеу өнеркәсібі экспорттың көлемі 1743,6 млн АҚШ долларын құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,5 есе өсті. Ал қаңтар-желтоқсандағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі 1446,8 млрд теңгені құрады. Жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестициялар 3,2% өсіммен, 1093,6 мың теңгені құрады, – деді Д.Асқаров.

Елорда – шетелдік инвестицияларды тарту бойынша 7-орында. Бүгінгі таңда Астана қаласының инвестициялық жобаларының бірыңғай пулы құрылды, оған инвестициялардың жалпы сомасы шамамен 2,3 трлн теңге болатын 262 жоба кіреді. 26 мыңға

жуық жаңа жұмыс орнын құрумен қатар, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі саласында 7 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құрумен жалпы сомасы 249,9 млрд теңгеге 82 жоба қарастырылған.

Бүгінде «Астана – жаңа қала» АЭА ЖК-1 аумағында 5871 тұрақты жұмыс орнын құрумен 166 млрд теңгеге 50 жоба жұмыс істейді. Іске асыру сатысында 63,5 млрд тг сомасына, 2484 тұрақты жұмыс орнының құрылуымен 40 жоба қарастырылған.

– Барлық уақытта салынған инвестициялар көлемі – 183,4 млрд теңге, 2022 жылдың 9 айында – 9,6 млрд теңге. Бүгінгі таңда «Астана-Технополис» АЭА аумағында 1 млрд теңгені құрайтын, 32 тұрақты жұмыс орнын қамтыған 3 жоба жұмыс істейді. 10 жоба іске асырылуда, – деді «Astana Invest» ЖШС Арнайы экономикалық аймақтарды дамыту жөніндегі департамент директоры.

Сондай-ақ алдағы жоспарларымен бөлісе келе, мекеме басшысы қолданыстағы 50 жобаның ішінде шетелдіктердің қатысуымен 7 жоба барын атап өтті. Жүзеге асырылып жатқан

50 жобаның 2-іне шетелдік компаниялар қатысуда.

Елордада іске қосылған 50 жобаның 11-і экспортқа бағытталған. Осы уақытта дейін 93,8 млрд теңгенің, ал 2022 жылдың 9 айында 15 млрд теңгенің өнімі экспортталды. Негізгі экспорттық тауарлар: электровоздар, комбинезон, локомотивтер, қалпақшалар және т.б. болса, бұл заттар Ресей, Өзбекстан, Әзірбайжан және Түркия секілді елдерге экспортталуда.

Қазіргі күні инвесторлардың қажеттіліктерін ескере отырып, №2 индустриалды парк құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

– №2 индустриалды парк құру үшін бас жоспар әзірленді. Оны әзірлеуге халықаралық сингапурлық «Jigong» компаниясы атсалысты. Техникалық-экономикалық негіздемені түзету жұмыстары басталды. Бүгінгі таңда инженерлік желілердің жүктемелері бойынша қорытынды жұмыстар жүргізілуде, мүмкін болатын жүктемелерді анықтау үшін қаланың коммуналдық қызметтерімен кездесулер өткізілді. Телефонмен жабдықтау, электр, су және көріз, газбен қамту желілеріне техникалық шарттар алынды. Бастапқы мәліметтерді жинауға және №2 индустриалды парктің жер телімін кластерлерге бөлуге байланысты ТЭН түзету 2023 жылы аяқталады деп күтілуде, – деді Д.Асқаров.

ӨНДІРІСТЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ КӨП

Байқоңыр ауданының әкімі әр апта сайын қаладан сыртқарырақ орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен кездесу өткізіп келеді. Кезекті кездесу «Өндіріс» тұрғын алабында өтті.

Өзекті мәселелерді арқау етіп, әкім қабылдауында болған, сондай-ақ әлеуметтік желілер арқылы түйткілді мәселелерін баяндаған тұрғындардың өтінші қашан да әкімдік назарында.

Кездесуге келген тұрғындардың көпшілігі қоғамдық көліктердің интервалы, жылы аядамалар, жарық және су мәселелері, қаңғыбас иттер, санитарлық-тазалық жұмыстары және әлеуметтік салаға қатысты сұрақтарын ортаға салды.

Бұдан бөлек, кездесуге келгендердің ішінде әкімдік жұмысына ризашылықтары мен риясыз көңілдерін білдірген тұрғындар да болды. «Өндірісте өзекті мәселелермен бірге, аудан әкімді-

гінің атсалысуымен атқарылып жатқан шаруалар да жетерлік. Сондықтан, шынайы көңілдеріңіз үшін алғыс білдіреміз. Ауданымыздың көркеюіне бірлескен еңбектің нәтижесінде ғана қол жеткізетініміз анық. Ендеше, барлық шаруаны бірлесіп шешейік» деді елордалық Талғат Беделбаев.

Жиынға Астана қалалық басқармалары мен жергілікті мекемелердің өкілдері қатысып, өздерінің құзыретіндегі бірқатар сұрақтарға жауап берді. Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев кейбір мәселелер бойынша жауапты мамандарға тапсырмалар жүктеп, аталған сұрақтарды жұмыс жоспарына енгізді.



СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ КЕРЕК

Елордада көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында суға кету қаупі бар көшелердегі жиналған қарды шығару жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Әсіресе, Сарыарқа ауданында арық-науа жүйелерін, нөсерлер мен жауын-жаңбыр қабылдайтын құдықтарды қардан және тұрмыстық қоқыстан тазарту жұмыстары жалғасуда.

Коммуналдық қызметтер барлығы 16 мың с.м. болатын арық-науа жүйесін және жаңбыр қабылдайтын, дренаждық құдықтарды тазалауды жоспарлаған.

Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Темірлан Ариновтың айтуынша, бүгінгі таңда су тасқынының алдын алу жұмыстары басталып та кетті. – Қазіргі уақытта арық-науа жүйелерін қар мен мұздан тазарту бойынша су тасқынына қарсы іс-шаралар жүргізіліп келеді.

Бұл шаралар көктемде еріген судың кедергісіз өтуін қамтамасыз ету үшін қажет. Күн сайын арық желісін тазартуға 20-ға жуық жұмысшы және 3 бірлік мамандандырылған техника жұмылдырылады. Тұрғын үй алаптарындағы үйлерді су басудың алдын алу үшін тиімді арық-науа жүйесі қажет. Сондықтан тұрғындарды арықтарға қоқыс пен күлді тастамауға шақырамыз, – деді Т.Аринов.

Аудан әкімдігінде су тасқынына қарсы іс-шаралар аясында жұмыс алгоритмі әзірленген. Шаралар аясында жүйелер мен құдықтарды тазалаудан бөлек, тұрғын алаптарынан қар шығару жұмыстары да жүргізіліп келеді.



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІМЕН ТҰРҒЫЗЫЛУДА

Елордада «Халық қатысатын бюджет» жобасы 2019 жылдан бері іске асырылып келеді. Табысты бастамаға атсалысу үшін биыл қаңтардың 20-сынан бері қала тұрғындарынан өтінімдер қабылдануда.

Алғаш рет Сарыарқа ауданында іске қосылған бағдарлама аясында тұрғындар аулаларға күрделі жөндеу жүргізумен бірге гүлзарлар, саябақтар, қоғамдық кеңістіктер салу, аумақтарды көгалдандыру және т.б. өздерінің тың ұсыныстарын әкімдікке тікелей жолдай алады. Өтінімдер 1 наурызға дейін қабылданады.

Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру және дамыту бөлімінің бас маманы Бағжан Сәбденовтің айтуынша, бүгінге дейін аудан тұрғындарынан келіп түскен 54 бастама іске асырылды. 2022 жылы аудан бойынша 70 өтінім берілсе, олардың 23-і сараптамалық кеңестің шешімімен мақұлданды. Жоба шарты бойынша қатысушылар



нақты өзгерістерді және жобаға қажетті соманы көрсете отырып, жоспарын әзірлеуі керек. Дайын жоспарды қала тұрғындары аудан әкімдігінің

ресми сайтына жүктейді. – Наурыздың 2-сінен сәуірдің 5-іне дейін сараптама комиссиясы түскен жобаларды талдайды. Техникалық сараптама және

ӘЛЕМ ШУАҒЫ ӘРКІМГЕ ҚОЛЖЕТІМДІ

Айнала, әлемдегі құбылыс, тіршілік, қоғамдағы өмір аяқ-қолы сау, құлағы мен көзі көріп-сезетін жандарға қолжетімді. Ал жазмыштың жазуымен жарық дүниені жарқыраған жанарымен көру мүмкіндігінен шектелген зағип жандар ше? Қазіргі технология дамыған заманда зағиптарға да қолжетімді бола алады. Осындай мүмкіншілікті қамтамасыз етуге тырысатын бірден-бір ұйым – бұл арнайы кітапханалар.



Солдан оңға қарай: Астана қаласындағы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана басшысы Ғалым Адайұлы. Өзбекстан Мәдениет министрлігі жанындағы Республикалық орталық зағиптар кітапханасының директоры Фархад Уктамович

Кітапхана – жанары суалған ерекше жандардың рухани талап-тілегін қанағаттандырып, әлемдік ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші. Өмірдің ағысында кетіп бара жатып, қиындыққа мойымай, дүниеден мол махаббат пен жарық сәуленің шуағын сезіндіріп, жан-жақты қызмет көрсететін осындай кітапхананың бірі – Астана қаласындағы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана.

Бүгінде 50 жылдан астам тарихы бар бұл кітапхана барлық санаттағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарды және олардың отбасыларын терең білім қорымен сусындататын, іздегендерге ізгілік пен қажетті ақпараттарды тегін қамтамасыз ететін, заман талабына сай жаңа технологияларды меңгеруіне атсалысатын орталыққа

айналып отыр. Көз жанарынан айырылған азаматтар үшін бұл кітапхананың маңызы – Брайль жүйесі бойынша оқу-жазуға үйрету. Тағы бір артықшылық кітапханада зағиптар үшін шахмат, шашки ойындары турнирлер өткізіліп тұрады. Осы қызметтердің нәтижесінде кітапхана өз бағасын да алды. Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылған мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына-2021» фестивалінде «Үздік қалалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған мемлекеттік кітапхана» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған.

Арнайы кітапхананың ақпарат беретін негізгі екі қуат көзі бар. Соның бірі – бедерлі-нүктелі қаріптегі (Брайль жүйесіндегі) кітаптар болса, екіншісі – дыбысталған аудиокітаптар. Бұл

дегеніңіз – дыбыс арқылы зағип жандарды небір ғажап көркем әлемге жетелеу.

Кітапхананың «Дыбыстандырылған әлем» жобасы аясында «Болашақ» корпоративтік қорының қолдауымен кітапханада дыбыс жазу студиясы ашылған. Осы студияда ескі кассеталарда жазылған классикалық шығармаларды аудио форматқа көшіру жұмысы жүргізіліп, еліміздегі басқа қаладағы арнайы кітапханаларға тегін таратылды. Бұл үрдіс арнайы кітапханаларға жазылған классикалық шығармаларды аудио форматқа көшіру жұмысы жүргізіліп, еліміздегі басқа қаладағы арнайы кітапханаларға тегін таратылды. Бұл үрдіс арнайы кітапханаларға жазылған классикалық шығармаларды аудио форматқа көшіру жұмысы жүргізіліп, еліміздегі басқа қаладағы арнайы кітапханаларға тегін таратылды.

«Дыбыстандырылған әлем» жобасы аясында әлемдік канал саналатын You Tube арнасында «Kıtar_kala» радиоканалы ашылды. Қазақ радиосының ардагері Күләш Молдахметова мен ақын, қоғам қайраткері Мақпал Тәжмағанбетова жаңа той-тәй басқан радионың тұсауын кесті. Сонымен қатар кітапхана оқырмандары мен басқа да кез келген адам бұл радионы ғаламтордағы «Kıtar_kala» You Tube арнасында тымдай алады. Бұл арнада кітап авторлары, белгілі қаламгерлермен сұхбаттар өткізілуде.

Зағип оқырмандардың ақпарат көзінің тағы бір құралы – бедерлі қаріптегі кітаптар. Өкінішке қарай, елімізде бұл мәселе онды шешімін таппай келеді. Себебі бедерлі қаріптегі қазақ тіліндегі оқулық, кітап дегеніңіз жоқтың қасы. Жылдар бойы осы мәселені шешу туралы сұраныстың болуына қарамастан, нәтижесі тек биыл ғана жемісін беріп отыр. Арнайы кітапханаға қажетті шығарылымдар мен ақпарат көздерін Брайль жүйесінде басып шығару үшін арнайы тифлотехникалар алынды.

Олар: Everest-D V5 принтері, электронды лупалар, қағаздағыны дыбыстап беретін құрылғы, арнайы Брайль қағаздары, арнайы бағдарламалар. Енді осы құрылғылармен өзіміздің арнайы кітапхананың зағип оқырмандар сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндігіміз туып отыр.

Арнайы кітапхананың тағы бір қызметі – қоғамдық, танымдық, көпшілік бағыттағы мәдени шаралар ұйымдастыру. Мысалы, өткен жылғы шаралар ішінде ерекше атап өтеріміз – Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақстандағы Өзбекстан мәдениет күндеріне орай ұйымдастырылған жиын еді. Екі ел арнайы кітапханаларының бірлескен тұңғыш жобасын көрсетті. Бұл Канн фестивалінде мүмкіндігі шектеулі жандар туралы қысқаметражды фильмдер арасынан гран-при иеленген «Шай» фильмінің көрсетілімі еді. Дыбыссыз фильм арнайы кітапханамыздың дыбыс жазу студиясында дыбысталып, өңделді. Бұл фильмнен алған әсерім бөліскен жандар, әсіресе зағип жандардың өзі «осы күнімізге шүкір» деген ойда қалды. Себебі 16 минуттық фильмде өмірдің үлкен мектебі жатқандай еді.

Өзбекстан арнайы кітапханасының Брайль кітаптары шығаратын баспасынан А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай және Ы.Алтынсариннің шығармалары бедерлі қаріпте басылды шықты. Осы шарада кітапхана оқырмандарына тарту етілді. Екі ел кітапханаларының ынтымақтастығы мен бірлескен жобаларының меморандумына келісім қойылып, шара жақсы көңілде аяқталды.

Кітапхана тынысы – бір мақалаға сый алмайтын құбылыс. Әсіресе ерекше жандарға арналған кітапхана тіршілігі. Әр оқырманның эмоциясын сезіне білу, қарым-қатынас жасай алу, көңіліне шанның тозаңындай қаріпті қалдырмауға тырысу – бұл арнайы кітапхана қызметкерлерінің негізгі миссиясы.

Ғалым АДАЙҰЛЫ,
Астана қаласындағы
көзі көрмейтін және
нашар көретін
азаматтарға арналған
арнайы кітапхана басшысы

Кеше Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР мәдениет қайраткері, «Астана ақшамы» газетінің байырғы авторы әрі жанашыры, «Дос көңілі», «Көне хикая», «Көксеу», «Көксеңгірдің тасында», «Соңғы Абыз», «Ұлы пайғамбар және ұрпақтары», «Шырағдан», «Қоңыр Құлжа», «Мерші», «Арманым оттан өрілген» кітаптарының, «Құба белдер» трилогиясының, «Тар заман», «Шортанбайдың зар заманы» зерттеулерінің авторы Кәмел Жүністеги 84 жасында дүниеден өтті.

НАҒЫЗ ОТАНШЫЛ ЖАН ЕДІ...

Кәмел ағамыз Шортанбай мұрасының жанашыр-жоқшысы ретінде де көп іс тындырып кетті. Зар заман жыршысының артында қалған жыр-толғауларын ел аузынан жазып алып, жыраудың жәдігерлерін жинақтап, жеткізуші ретінде толымды ізденістермен шортанбайтанушылардың көшін жалғастырды. Шортанбай Қанайұлы туралы екі бірдей деректі фильмді түсіруге бастамашы болып, басы-қасында жүріп, жөн-жолын көрсеткен кеңеш болды. Жазушылықпен қатар өзі туып-өскен өлкенің тау-тасын аралап қағазға түсірген этнограф, күйшілік мектептің мекені болған Шет ауданының шертпе күйшілерінің мұрасын сақтаушы, жақсылардан қалған тарихи жәдігерлердің жанашыры болған, қазақ тарихындағы алапат аштық пен 37-дегі қуғын-сүргіннің шыңыраған шындығын ашық айтып та жазып жүрген жандардың бірі еді. Соңғы жылдары ауданның жер-су аттарының алғашқы атауларын қалпына келтіруге зор үлес қосқан азаматтың қайраткерлігі бір белек еді.

Кәмел Жүністеги 1939 жылы 27 қаңтарда Шет өңірінде, Ақсу-Аюлы ауылында туған. 1960 жылы Қарағанды педагогикалық институтына оқуға түскен. 1962 жылы қазақ жастары жасырын ЕСЕП-тің (Елін сүйген ерлер партиясы) ұйымдастырушысы ретінде саяси айып тағылды, жазаға тартылды. 1967-1984 жылдары мектепте мұғалім, 1984-88 жылдары оқу бөлімін-



де, «Білім» қоғамында (1988), 1989-1992 жылы мұражайда қызмет еткен. 1992 жылдан «Заман» газетінде редактор қызметін атқарды.

«Жырға жасымда азаттықты аңсап саяси партияға қырып, Ібір-Сібірін аралап, елге келгеннен соң да жасырын, астыртын жұмысымызды жалғастыра берген едік. Бір жүрегім Отаным деп жаратылған адам едім...» деп соңғы жазбаларын қалдырған қоғам қайраткерінің соңғы демі шыққанша еліміз деп өтті.

Ардақты ағамызды газетіміздің тілекші оқырманы ретінде де жоқтап отырған жайымыз бар. Қолынан қаламы түспеген қаламгер редакцияға жиі келіп, қоғамның жүрек сыздатар кеселдерін пайымдаған ойларымен бөлісіп, ол мақала болып жазылып, оқырмандарымызға жетуші еді.

Алдыңыз жарық болғай! Беймаза ғасырда байыз таба алмай кеткен жаныңыз жәннатта болсын!

«Астана ақшамы» газеті редакциясы

ЖАСТАРҒА НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

Елімізде келесі айдан бастап жастарға 2,5 пайызбен несие беру басталады. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бірінші орынбасары Ақмәди Сарбасов мәлімдеді.

«Еңбек министрлігі ережені әзірледі. Тиісті бұйрық шығып, Әділет министрінің жанында тіркеумен өтті. Біздің ведомствоға қатысты шешім қабылданды. Қазіргі кезде жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп осы тетік бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Осы айда жергілікті атқарушы органдар мен Қаржы министрлігі несие келісіміне қол қояды. Сондықтан келесі айдан бастап беруге мүмкіндік жасалады» деді А.Сарбасов.

Жастарды кәсіпке тарту үшін 6 мың азаматқа 5 жыл мерзімге 2,5 пайызбен шағын

несие беріледі. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсеновның айтуынша, ол несиенің сомасы 5 млн теңге болмақ.

Қаражат кәсіп бастауға ниетті немесе бизнесін дөңгелеткісі келетін 21 мен 35 жас аралығындағы азаматтарға конкурс негізінде беріледі. Жылдық сыйақы мөлшері 2,5 пайыздан аспайды. Қарыздың ең жоғары сомасы – 5 млн теңге. Әрі ол үшін кепіл болуы керек. Бағдарлама 2021-2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында жүзеге асады.

Астана қаласы әкімдігінің «Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты» КММ 6-сынып оқып жатқан оқушылар үшін 2023-2024 оқу жылы бойынша құжаттар қабылдау басталғанын хабарлайды, тапсыру рәсімі онлайн түрде жүргізіледі. Тіркеу мерзімі: 01.02.-15.04.2023.

Емтихан бірінші кезеңі ағымдағы жылы 30 сәуір күні өтеді. Толық ақпаратты <https://bilemtihan.kz>. Instagram: bil.astanaboys. Тел.: +7 (7172) 50-17-21, WhatsApp: +7 705 131 56 02. Мекенжайы: Т. Рыскулов көшесі, 14.


Елордада Полиция департаменті жанынан интернет-алаяқтықтың алдын алып, фактілерді анықтайтын мамандар пулы іске қосылды. Ол туралы аталған ведомствоның баспасөз мәслихаты барысында айтылды.

Өткен жылдың соңында қалалық Полиция департаменті жанынан киберпул құрылды. Мақсат – киберқылмыс және интернет-алаяқтықпен күрес жүргізу. Ондағы мамандар аталған бағыттағы әрекеттердің алдын алу және анықтаумен айналысады. Әр аудандық полиция басқармасында 10 қызметкер бар, ал жалпы қала бойынша 40 маман жұмыс істейді. Барлық маман арнайы даярлықтан өткен, жұмыс істеу алгоритмін біледі, – деді Астана қалалық Полиция департаменті криминалды полиция басқарма басшысының орынбасары Қайрат Мәдиев.

Спикердің дерегінше, өткен жылы елорда аумағында болған интернет-алаяқтық қылмыстардың 33% ашылды.

«Интернет-алаяқтық жазасына келсек, кінәлі қылмыстың

КИБЕРПУЛ ҚҰРЫЛДЫ



деңгейіне қарай 1 жылдан 5 жылға дейін арқалайды. Сонымен қатар аталған бағытта интерполмен де бірлесіп жұмыс істейміз» дейді ведомство өкілі.

Бұған дейін Астанада бір айдың ішінде 443 интернет-алаяқтық фактісі тіркелген.

«Жыл басынан бері елордада 443 интернет-алаяқтық фактісі тіркелді. Көрсеткіш ай сайын артып келеді. Салыстырмалы түрде қарасақ, 2021 жылы 188 фактісі тіркелген. Бүгінде барлық фактісі бойынша 45 істі қарау аяқталды және 148 іс тоқтатылды. Сонымен

қатар 150 интернет-алаяқтық фактісі ашылды, нәтижесінде 29 айыпты ұсталып, оның 13-і қамауға алынды» деді Қайрат Мәдиев.

Спикердің мәлімдеуінше, интернет-алаяқтыққа қатысты әлеуметтік желілердегі чаттар мен сайттарды бұғаттау жұмысы қолға алынған.

«Интернет-алаяқтық және киберқылмыспен бірлесіп күресу мақсатында IT қауымдастығы өкілдерімен бірнеше жиын өтті. 54 мемлекеттен тұратын халықаралық конвенция құра-

“

Жыл басынан бері елордада **443** интернет-алаяқтық фактісі тіркелді. Көрсеткіш ай сайын артып келеді. Салыстырмалы түрде қарасақ, **2021** жылы **188** фактісі тіркелген. Бүгінде барлық фактісі бойынша **45** істі қарау аяқталды және **148** іс тоқтатылды. Сонымен қатар **150** интернет-алаяқтық фактісі ашылды, нәтижесінде **29** айыпты ұсталып, оның **13-і** қамауға алынды

мына қосылсақ, бұғатталатын сайттар мен чаттардың саны арта түспек» дейді ол.

Сондай-ақ Полиция департаментінің өкілі интернет-алаяқтық және киберқылмыстың алдын алу бағытында профилактикалық іс-шаралардың жиі ұйымдастырылып тұратынын жеткізді.

ҚЫМЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ҚАСИЕТІ

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасы «Қарашаңырақ» республикалық қоғамдық бірлестігімен бірлесіп, жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында «Ұмыт болған салт-дәстүрді жаңғырту» атты шара өткізді. Онда этнографиялық бірнеше жобаның авторы, мәдениет саласының үздігі Бақтияр Қожахметов Қымызмұрындық мерекесі жайында әңгімеледі.



Кітапхана қонағы қымыз мерекесін өткізу бірнеше жыл бұрын Ұлытау облысы Ұлытау ауданындағы Терісаққан ауылында қолға алынып, жыл сайын өткізілетінін, ендігі мақсат елімізде «Көк майса» атауымен Дүниежүзілік қымыз мерекесін ұйымдастыру болып отырғанын айтып, аталған

жобамен таныстырды. Бұл жоба қымыз ішумен ғана шектелмей, бірнеше рәсімнен, ұлттық ойындардан тұрады. Атап айтқанда, ақсақалдың бата беруі, бие байлау, қазық қағу, асық ойыны, ат жарыс болып жалғасып кете береді.

Бір атап өтерлігі, 2018 жылы Қазақстан

Республикасы атынан «Қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі мерекелік ғұрыптары» номинациясы ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне енгізілді.

– Бір ғана мерекенің шеңберінде қаншама ұмытылған салт-дәстүрді көрсетуге болады. Мақсатымыз – соларды жаңғырту, басқа елдерге танытып, таныстыру, – дейді Бақтияр Қожахметов.

«Қарашаңырақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Тұрар Шәкен ұлттық салт-дәстүрді таныту арқылы жастарды тәрбиелеу туралы ойымен бөлісті.

– Қазір жаһандану келе жатыр. Оған жұтылып кетпес үшін өзіміздің ұлттық ерекшелігімізді сақтап қалу керек. Ол үшін бұрынғымызды білу қажет, – деді Тұрар Сәттарқызы.

Аталмыш кездесуге осыдан бір жарым ай бұрын «Мен жастарға сенемін» деп жырлаған Алаш рухты ақын Мағжан Жұмабаевтың аты берілген халықаралық колледждің студенттері қатысты. Кездесу қонағына сұрақ қойып, белсенділік танытқан жастарға кітапханашы Сағынш Дүйсенқызы кітаптарды сыйға тартты.

СУРЕТШІНІҢ «БАҚЫТ ҚҰСЫ»

Елордадағы Тұңғыш Президент кітапханасында «Тәуелсіздіктің мәдени негізі» жобасы аясында Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі Райгүл Ахметжанованың «Бақыт құсы» атты жеке көрмесі ашылды.

– Райгүл Ахметжанова халық аңыздарынан және әндерінен шабыт алып, өзінің қайталанбас авторлық стилін қалыптастырды. Шебердің шығармашылық таланты мен философиялық тұрғыда ерекше ойлауының арқасында киізден және шиден жасалған дәстүрлі материалдар жаңа және өте заманауи көркем образдар мен идеяларды тудырады, – деді Тұңғыш Президент кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат.

Белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлібек Асқаров өнер иесінің жұмыстары туралы пікірін айтты.

– Әр суретші өзінің шығар-



машылық жолынан өтіп, шығармашылықта өзінің қайталанбас стилін тауып, сол кезде өнерде

өз ізін қалдыра алады. Бүгінгі көрменің авторы осындай ерекше стильге ие, оның жұмысы

ата-баба дәстүрін жалғастыруда, – деді қаламгер.

Көрмеге 30 жұмыс қойылды. Суретші қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің техникасына қырық жылдан астам уақытын арнады, осы уақыт ішінде оның дүниетанымы мен шығармашылық бейімділігін көрсететін туындылар дүниеге келді. Бүгінгі таңда жаңа әдістерді қолданып, ағаш, керамика, киіз қолдана отырып, көлемді кеңістік формаларын, композициялық элементтерді жасайды.

Жоғары шығармашылық жетістіктері үшін «Әбілхан Қастеев» медалін иеленген Райгүл Ахметжанованың жұмыстары ҚР Орталық мемлекеттік музейінің қорында, Қазақстанда, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Германияда, Швецияда, Пәкістанда, Францияда жеке жинақтарда сақтаулы.

ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

Бас қалада ұлағатты ұстаз, сегіз қырлы, бір сырлы азамат Оспан Сүлейменұлының «Мизамшуақ» атты шығармашылық кеші және осы атаумен шыққан кітабының тұсаукесері өтті.



ҚР мәдениет қайраткері, «Құрмет белгісі» ордені, Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгінің, А.Байтұрсынов атындағы медалінің иегері, білім беру ісінің құрметті қызметкері, халықаралық республикалық байқаулардың лауреаты, ақын, сазгер, күйші, дирижер Оспан Сүлейменұлы жетпістің бел ортасы – 75 жасқа толды. Осынау мерейтойға орайластырылған кешті Астана қаласының әкімдігі, қалалық Білім басқармасы, басқармаға қарасты жалпы орта білім берудің мазмұны мен әдістеме бөлімі ұйымдастырды. Іс-шараға мерейтой иесінің бұрынғы әріптестері, сыйлас достары мен жақындары қатысты.

– Осы кештің ерекшелігіне тоқтала кетейін. Астана туралы

алғашқы әнімді осыдан тура 25 жыл бұрын жазыппын. Ал биыл бас шаһарымызға да 25 жыл болыпты. Бұл сәйкестіктің мен үшін мәні зор. Бүгін шәкірттеріммен бірлесіп, халыққа рухани кеш сыйламақпыз. Ұстаз мерейін өсіріп жүрген шәкірттеріме ризамын. Олардың болашағынан зор үміт күтемін. Талантты жастар шығып жатыр. Олар қазақ өнерінің дамуына ерекше серпін беруде. Әр қазақтың үйінде домбыра тұрса, қазақтың өнері ешқашан өлмейді, – деді кеш иесі.

Оспан Сүлейменұлы Ақмола өңірінде 40 жыл ұлт аспаптар ансамблі мен оркестрін басқарған. Қайраткердің тәуелсіздік алған жылы Астанада ең алғашқы болып Қазақ ұлттық музыка мектебін ашуға мұрындық болғанын бірі білсе, бірі білмейді. Жаны сергек азамат Астананың мәдени-рухани өміріне қатысты шаралардан қалмай, өз үлесін қосып жүреді.

НЕ? КАЙДА? ҚАШАН?



СИҚЫРЛЫ СӨЗДЕР

4-5 ақпан

14:00

Қуыршақ театры



ТЫРАУ-ТЫРАУ ТЫРНАЛАР...

5 ақпан

19:00

Жастар театры



ШӘМШІ

5 ақпан

19:00

Музыкалық жас көрермен театры




ӘШТЕН

5 ақпан

19:00

Ә.Мәмбетов театры



ҚЫЗЫЛ ОРАМАЛДЫ ШЫНАРЫМ

5 ақпан

18:00

Қ.Қуанышбаев театры

Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ